

Дәрі-дәрмектерді қолдану әдістері



ЦӘК «Медбике ісі» оқытушысы
Даурбаева К.О.

ТАБЛЕТКАНЫ, КАПСУЛАНЫ, ДРАЖЕНІ, ПИЛЮЛАНЫ ҚАБЫЛДАУ

- **Мақсаты:** емдік.
- **Қолдану көрсетілімі:** дәрігердің тағайындауы бойынша.
- **Дайындаңыз:** дәрігер тағайындаған таблеткаларды (түймедақтарды)
- капеулаларды, дражені, пилюланы (дәрінің домалақ түрін) қайнатылған суы
- бар стаканды немесе мензурканы.



- **Іс-әрекет алгоритмі:**

- 1. Дәрігердің ем тағайындайтын парағына сәйкес дәрілік препаратты таңдап алыңыз.
- 2. Дәрілік препараттарды қолдану бойынша нұсқаумен танысыңыз.
- 3. Дәрілік препараттың жарамдылығын тексеріңіз (дәрінің атын, мөлшерін (дозасын) сақталу мерзімін оқыңыз).
- 4. Науқасқа дәрі- дәрмектер туралы қажетті мәліметті беріп, емшара барысы мен мақсатын түсіндіріңіз.
- 5. Қолыңызды гигиеналық деңгейде тазартыңыз.
- 6. Капсуланы немесе таблетканы ораудан босатып алыңыз немесе оны қабынан (конвалютадан) қайшымен кесіп босатып алыңыз.
- 7. Науқастан ауызын ашуын сұраңыз.
- 8. Таблетканы, капсуланы, дражені немесе пилюланы науқастың тілінің түбіріне салыңыз.
- 9. Науқастан дәрілік препаратты аз мөлшердегі сумен ішуін сұраңыз.



- **Ескерту:**

- - қабығы бар таблетканы науқастын жұтынуы қиын болса, онда оны сумен ылғалдатуға болады;
- - науқас таблетканы жұта алмай қиналса, онда мейірбике оларды ұнтақтап беруі қажет;
- - дражелер, капсулалар, пилюлалар өзгермеген түрде қолданылады.

ТҰНДЫРМАНЫ, ҚАЙНАТПАНЫ, МИКСТУРАНЫ (қоспалы сұйық дәріні) ҚОЛДАНУ

- **Мақсаты:** емдік.
- **Қолдану көрсетілімдері:** дәрігердің тағайындауы бойынша.
- **Дайындаңыз:** дәрі- дәрмектерді, бөлшек белгісін салған мензурканы немесе шайлы, десертті, асханалық қасықтарды, зарарсыздандыру ерітіндісі бар ыдысты.

- **Іс-әрекет алгоритмі:**

- 1. Емшараның мақсаты мен барысын науқасқа түсіндіріп, дәрілік препарат туралы мәлімет беріңіз.
- 2. Дәрігердің тағайындауына сәйкес дәрілік ертіндінің жарамдылығын тексеріңіз (ерітіндінің атын, сақталу мерзімін оқыңыз, ерітіндінің сыртқы түрін бағалаңыз).
- 3. Қолыңызды гигиеналық деңгейде тазартыңыз.
- 4. Дәрігердің тағайындаған дозасындағы дәрілік ерітіндіні мензуркаға немесе қасыққа құйыңыз:
 - -1 шай қасықта - 5 мл
 - -1 десерт қасығында - 7,5- 10 мл
 - -1 ас қасықта - 15 мл
- 5. Науқастың дәрілік ерітіндіні ішуін сұрап, сумен ішкізіңіз.
- 6. Қолданылған мензурканы немесе қасықты зарарсыздандыру ерітіндісі бар ыдысқа салыңыз.

ТҰРЫНДЫНЫ, ЭКСТРАКТЫ (ШЫРСӨЛ) ҚОЛДАНУ



- **Мақсаты:** емдік.
- **Қолдану көрсетілімдері:** дәрігердің тағайындауы.
- **Даярланыз:** дәрігердің тағайындауы бойынша дәрілерді, тамызғышты, мензурканы, қайнатылған суды, зарарсыздандыру ерітіндісі бар ыдысты.
- **Іс-әрекет алгоритмі:**
 1. Науқасқа емшараның мақсаты мен барысын түсіндіріңіз.
 2. Дәрі-дәрмектерді қолдану бойынша нұсқаумен таңысыңыз.
 3. Дәрігердің тағайындауына сәйкес дәрілік ерітіндінің жарамдылығын тексеріңіз (атын, сақталу мерзімін, мөлшерін оқыңыз, ерітіндінің сыртқы түрін байқаңыз).
 4. Гигиеналық деңгейде қолға тазартуды жүргізіңіз.
 5. Мензуркаға қажет мөлшерде тамшыны дәрілік ерітіндіні алыңыз.
 6. Аз ғана мөлшерде суды қосыңыз.
 7. Даярланған ерітіндіні науқасқа ішкізіңіз.
 8. Қолданылған мензурканы зарарсыздандыру ерітіндісі бар ыдысқа салыңыз.

НАУҚАСҚА ҰНТАҚТЫ ҚОЛДАНУ

- **Мақсаты:** емдік.
- **Қолдану көрсетілімдері:** дәрігердің тағайындауы бойынша.
- **Дайындаңыз:** дәрігер тағайындаған дәрілік ұнтақты, қайнатылған суы бар стаканды немесе мензурканы.

- **Іс-әрекет алгоритмі:**

- 1. Дәрігердің ем тағайындайтын парагына сәйкес ұнтақ дәріні таңдап алыңыз.
- 2. Дәрілік препаратты қолдану бойынша нұсқаумен таңысыңыз.
- 3. Дәрілік ұнтақтың жарамдылығын тексеріңіз (атын, дозасын сақталу мерзімін, оқыңыз).
- 4. Науқасқа дәрілік ұнтақ туралы қажет мәліметті беріп, емшара барысы мен мақсатын түсіндіріңіз.
- 5. Қолыңызды гигиеналық деңгейде тазартыңыз.
- 6. Дәрілік ұнтақты ораған қағазды бүктеуінен жазып, оған ойық түр беріңіз.
- 7. Науқасты басын көтеріуін ауызын ашуын, тілін шығаруын сұраңыз.
- 8. Науқастан тілінің түбіріне абайлап ұнтақты себіңіз.
- 9. Ұнтақты ішуге суы бар стаканды беріңіз.
- **Ескерту:** ұнтақты алдын ала суға ерітіп, сосын науқасқа ішкізуге болады.

МҰРЫНҒА ДӘРІЛІК ТАМШЫ ТАМЫЗУ



- **Мақсаты:** емдік
- **Қолдану көрсетілімдері:** дәрігердің тағайындауы бойынша.
- **Дайындаңыз:** залалсыздандырылған: лотокты, көз тамызғышын, мақта шариктерін, мақта турундаларын, дәрі-дәрмектерді (дәрігердің тағайындауы бойынша), қолғапты, вазелин майын, қауіпсіз жоюға арналған контейнерді. қайнатуға арналған ыдысты, су моншасын.

- **Іс-әрекет алгоритмі:**

- 1. Науқасқа емшара барысы мен мақсатын түсіндіріңіз, оның келісімін алыңыз.
- 2. Дәрігердің тағайындауына сәйкес дәрінің жарамдылығын тексеріңіз (атын, қоюлығын, дозасын, сақталу мерзімін оқыңыз, флаконның бүтіндігін анықтаңыз, дәрілік ертіндінің сыртқы түрін бағалаңыз). Дәрілік ертіндіні су моншасында $1-36-37^{\circ}\text{C}$ дейін жылытыңыз.
- 3. Тамызғыштың бүтіндігін тексеріңіз.
- 4. Гигиеналық деңгейде қолға тазартуды жүргізіңіз, қолғапты киіңіз.
- 5. Мұрын жолдарын қараңыз, егерде бөлініс немесе қабыршақ болса, онда вазелин майына суландырған мақта турундасымен тазартыңыз.
- 6. Науқастың сәл басын артқа қарай шалқайтып, қырына қарай бұрып немесе тамшы тамызатын немесе екінші мұрын жолына қарама-қарсы жастықсыз арқасымен жатқызыңыз.

- 7. Оң қолға мақта шаригін алып. оны V саусақпен алақанға қысыңыз.
- 8. Пластикалық флакондағы мұрынға арналған залалсыздандырылған тамшыны қолданғанда, оның түбін жоғары қаратып төңкеріңіз (аударыңыз) және тамызғанда оның қабырғасын қысыңыз.
- 9. Оң қолға тамызғышты алып, мұрынның екі жағына есептей отырып, дәрілік ертіндіні сорып алыңыз.
- 10. Сол қолдың IV саусақтарын науқастың маңдайына қойып, ал үлкен саусақпен мұрынның ұшын жоғары көтеріңіз.
- 11. Мұрын жолына 1-1,5 см тереңдікке тамызғышты енгізіңіз, оның қабырғасына тигізбеуге тырысыңыз.
- 12. Мұрынның шырышты қалқасына 4-5 тамшы дәрілік ертіндіні тамызыңыз.
- 13. Мұрынның қанатын сүйек қалқасына мақта шаригімен қысып, жеңіл қозғалмалы айналысты жасаңыз.

- 14. Дәрілік ертіндіні енгізген жағына қарай науқастың басын еңкейтеңіз.
- 15.1-2 минуттан кейін екінші мұрын жолында дәрілік ертіндіні сол реттілікпен тамызыңыз. Науқастан қал жағдайын сұраңыз.
- 16. Қолыңызды жуып кептіріңіз қолғапты шешіңіз.
- 17. Тамызғышты қайнатуға арналған ыдысқа, пайдаланған мақта шариктерін, мақта турундаларын, қолғапты қауіпсіз жоюға арналған контейнерге салыңыз.
- **Ескерту:** майлы ертіндіні мұрынға тамызғанда науқас тамшының дәмін сезуі қажет және бірнеше минут жатуы қажет, тамшы жұтқыншақтың артқы қабырғасына түсуі керек (мұрын канатын сүйек қалқанына баспаңыз).



КӨЗГЕ ТАМШЫ ТАМЫЗУ

- **Мақсаты:** емдік.
- **Қолдану көрсетілімдері:** дәрігердің тағайындауы бойынша.
- **Дайындаңыз:** залалсыздандырылған: лотокті, тамызғышты, дәке тампондарын, дәрілік ерітіндіні (дәрігердің тағайындауы бойынша), қолғапты, қайнатуға арналған ыдысты, су моншасын, қауіпсіз жоюға арналған контейнерді.



- **Іс-әрекет алгоритмі:**
- 1. Науқасқа емшара барысы мен мақсатын түсіндіріңіз, оның келісімін алыңыз.
- 2. Дәрігердің тағайындауына сәйкес, дәрінің жарамдылығын тексеріңіз (атын, қоюлық дәрежесін, сақталу мерзімін оқыңыз, флаконның бүтіндігін анықтаңыз, дәрінің сыртқы түрін бағалаңыз). «Су» моншасында 36-37 С температурасына дейін дәрілік ерітіндіні жылытыңыз.
- 3. Тамызғыштың бүтіндігін тексеріңіз.
- 4. Гигиеналық деңгейде қолыңызды тазартыңыз, қолғапты киіңіз.
- 5. Науқасты бетін жарыққа қаратып, басын аздап қана артқа қарай шалқайтып отырғызыңыз немесе шалқасынан көпшіксіз жатқызыңыз.



- 6. Пластикалық флакондағы залалсыздандырылған көз тамшыларын қолданғанда, оның түбін жоғары қаратып төңкеріңіз және тамызғанда оның қабырғасын басыңыз.
- 7. Оң қолыңызбен тамызғышты ұстап, дәрілік ерітіндіні сорып алыңыз, екі көзге тамызатын ерітіндінің мөлшері есебінен.
- 8. Сол қолыңызға дәке тампонын ұстап, көздің төменгі қабағын төменге қарай тартыңыз және науқасқа жоғары қарауын сұраңыз.
- 9. Дәрілік ерітіндінің бір тамшысын көздің астыңғы қабына, кірпікке және қабаққа тамызғышты тигізбей, көздің ішкі бұрышына жақынырақ, тамызғышты көзден 1,5см қашықтықта ұстап тамызыңыз.

- 10. Науқас көзін ақырын ғана жауып, көз алмасын айналдыруын сұраңыз (дәрілік ерітінді ақпауы тиіс) бірнеше секундтан кейін манипуляцияны қайталаңыз, екінші тамшыны осы көзге тамызыңыз.
- 11.Көздің ішкі бұрышында қалған тамшыны тампонмен сүртіңіз.
- 12.Екінші көзінде тамшыны сол реттілікпен тамызыңыз.
- 13.Тамызғышты қайнатуға арналған ыдысқа пайдаланған дәке тампондарын қауіпсіз жоюға арналған контейнерге салыңыз.
- 14.Қолғапты шешіңіз, қолыңызды жуып, құрғатыңыз.
- **Ескерту:**
 - -екі тамшыны бір көзге бір мезгілде тамызғанда әдетте 1 тамшы ағады;
 - -бір науқасқа тамызғыштың саны дәрілік ерітіндінің санымен байланысты: әрбір дәрі үшін жеке тамызғыштар болуы керек;
 - -егерде көзде іріңді бөліністер бөлінсе, әуелі козді жуыңыз, сосын дәрілік ерітіндіні тамызыңыз.

ҲАЗАР ЛАҶБИ
ҲЫЗҒА
РАҶМЕТ!